

#КүшімізБірлікте

Менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржолата құтылған жөн.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МӘСЕЛЕ



АЛМАТЫ СПОРТЫ ҚАЛАЙ ДАМЫМАҚ?

2

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

5

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 11 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 091 692

II компонентпен

1 063 903

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 11 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 415 905** адам,

II компонентпен **9 052 853** адам

вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.03.2022

Түнде:



+5+7 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+11+13 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

13.03.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №27 (6162) 12 наурыз, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚОРҒАНЫС ҮШІН ҚУАТТЫ КӨЛІКТЕР

Мемлекет басшысы «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» зауытына барды



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы брондалған дөңгелекті техника шығаратын және жаңартатын «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» зауытын аралап көрді.

2

ШОБ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК

Өтінімдер толық қаралды



ШОБ өкілдерінен түскен барлық өтінімдер 100% қамтылды және қаралды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин мәлімдеді.

ҚЫСҚА...

- 16 наурызда өтетін ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы жаңа саяси реформаларды жариялайды. Президенттің халыққа Жолдауында Қазақстанның алдағы даму жоспарлары қамтылмақ.
- Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.
- Елімізде кітап оқу сайысы басталды.
- Мегаполисте «KazakhstanSmartSpace» ғарыштық техника және технологиялар бойынша халықаралық байқаудың финалы өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



3

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚОРҒАНЫС ҮШІН ҚУАТТЫ КӨЛІКТЕР

Мемлекет басшысы «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» зауытына барды

(Басы 1-бетте)

Президентке отандық брондалған дөңгелекті машина шығару үдерісі көрсетілді және қазақстандық қорғаныс-өнеркәсіп кәсіпорны өнімдерінің көрмесі таныстырылды. Компанияның жұмысы мен отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің жағдайы жөнінде мәлімет берілді.

Зауытты аралап шыққан Қасым-Жомарт Тоқаев аталған саланы дамытудың болашақ бағыттарын айқындап берді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы отандық өндірушілерді қолдау қажет екенін атап өтіп, шығаратын өнімдерді техникалық тұрғыдан заман талабына сай жаңартуға шақырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС – Орталық Азиядағы заманауи броньды дөңгелекті машина шығаратын ең ірі кәсіпорын. Зауыттың басты құндылығы – техникалық бағыттағы жоғары білікті мамандар. Кәсіпорынның жоғары технологиялы қондырғылары жұмыстың толық циклін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кәсіпорын броньды техниканың бірнеше түрлерін шығарады. Олар:

- 4x4 дөңгелекті формуласындағы «Арлан» БДМ;
- 4x4 дөңгелекті формуласындағы «Алан» БДМ;
- 4x4 дөңгелекті формуласындағы «Номад» БДМ;
- 6x6 дөңгелекті формуласындағы «Барыс» БТР;
- 8x8 дөңгелекті формуласындағы «Барыс» БТР.

Елімізде шығарылатын әскери темір көліктер атауларындағы ұлттық нақышты да байқаған боларсыз, атаулары құлақ тұндырып, көз қуантады. Бұлар – қуатты әскери машиналар. Кәдімгі «отқа салсаң жанбайтын, суға салсаң батпайтын» деп жар салатындай техникалар осы. Броньды (сауытты) көліктерге қойылар ең басты талап – жауынгерлердің өмірін сақтау. Кәсіпорын күшейтілген минаға қарсы MRAP үлгісіндегі броньды машиналар шығаруға мүмкіндік беретін инновациялық технологияға ие. Аумағы 13 500 шаршы метрді құрайтын аталмыш зауыттың негізгі өндіріс қуаты жылына 120 машина шығаруға қауқарлы.

Ең бастысы мұндағының бәрі – ұсақ бұрандаларынан бастап, оқ өткізбейтін шыныларына, оптикалық құрылғыларына дейін – өзіміздің отандық өнімдер. Мамандардың айтуынша, көліктердің оқ өткізбейтін сыртқы қаңқасы, болат тактайшалар мен ішкі ірі бөлшектеріне қажетті шикізат қана сырттан тасымалданады. Ал сол әкелінген шикізатты лазермен кесіп-пішу, балқыту, жабындыларын бояу, құрастыру, сапасын сынақтан өткізу, басқа да керекті бөлшектерін жасау, бұзылған техниканы қайта жөндеу, жаңғырту жұмыстарының бәрі осы зауытта атқарылмақ.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Көліктердің корпусы да, терезелері де 7,62 калибрлі винтовканың оғын өткізбейтіні зертханада тексеріліп, тиісті стандарттар берілген. Сарапшы-мамандардың мәліметіне сүйенсек, бұл көліктер:

- **Сарбаздардың қауіпсіздігі үшін әлемдегі ең сенімді көлік түрі саналады.**
- **Жылдамдығымен ерекшеленеді. Басқа көліктер жете алмайтын жолсыз жерлерге, шыға алмайтын биіктерге салыстырмалы түрде жылдам жетеді.**
- **Броньдалған транспорттер жоғары минаға қарсы қорғанысқа ие және кез келген атыс қаруының оқ атуларына шыдайды. Барлық техника -50°C-тан +50°C-қа дейінгі температуралық**

режимде қатаң климаттық жағдайда пайдалануға толығымен бейімделген.

- **Командалық басқару үшін заманауи навигациялық құралдар қолданылады.**

Бүгінде отандық кәсіпорында жасалып жатқан қорғаныс саласындағы қуатты көліктерге шетелдіктер қызығушылық танытып жатқаны белгілі болды. Әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыс елдерінің әскери мамандарынан сұраныс бар екен. Сонымен қатар бұл әскери техникалар бейбіт мақсаттағы тапсырмаларды орындауға да таптырмайтын көмекші көрінеді. Олай болса, «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» кәсіпорны да келешекте Қазақстан экономикасына үлкен үлес қосады деген сенімдеміз.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөз: info@kpe.com.kz).

МӘСЕЛЕ

АЛМАТЫ СПОРТЫ
ҚАЛАЙ ДАМАМАҚ?

Алматыда олимпиадалық спорт түрлерін қаржыландыруды күшейту қажет. Мұндай тұжырым Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті жүргізген мониторингтің нәтижесіне сәйкес жасалып отыр.

Динара
МҰРАТ

Комитет өкілдері мен төрағасы оңтүстік шаһардың спорттық әлеуетін тексеріп, өзіндік бағасын беруге елордадан Алматыға арнайы ұшып келген. Жұмыс нәтижесі кеше жергілікті билік органдары мен спорттық мектептердің жаттықтырушылары, басшылары қатысқан жиында таныстырылды.

«Алматы – еліміздің спорттық астанасы. Қалада еліміздің абыройын асқақтатын халықаралық, республикалық деңгейде түрлі сайыстар үнемі өткізіледі. Оған қоса, алматылық Дмитрий Баландин мен Денис Тен сынды спортшылар кезінде еліміздің даңқын көтерді. Ал соңғы жылдары олимпиада ойындарында ауыз толтырып айтарлық жетістіктерге жете алмай келеміз. Сондықтан қазір бірінші кезекте нәтиже көрсетіп жүрген олимпиадалық спорт түрлеріне қаржылық жағынан басымдылық беру керек деп ойлаймын. Мониторинг нәтижесі бұл салада өзіндік мәселелер барын көрсетіп отыр, бірақ бәрін елеп, еңсеруге болады. Тек жұмыстың ретін өзгерту керек», – деді Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев.

Біздің шаһарда Алматы қаласы мен ҚР құрама командасының спорт резервін даярлау 13000-нан астам спортшы үшін спорттың 78 түрі бойынша жүргізіледі. Дайындық ведомстволық бағынысты 15 ұйымда



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР
ЖАЛАҚЫСЫ АРТАДЫ

Спорт басқармасы басшысының мәлімдемесіне сәйкес, қалада дене шынықтыру және спорт саласында 5175 маман жұмыс істейді, оның ішінде дене шынықтыру мұғалімдері – 1749, нұсқаушы – 961 және жаттықтырушы – 855 адам. Осы жерде Самат Ерғалиев жаттықтырушылар мен спортшылардың әлеуметтік қамсыздандырылуына ерекше көңіл бөлді. Мониторинг нәтижесі бойынша қарапайым дене шынықтыру ұстазының жалақысы кәсіпқой жаттықтырушыдан анағұрлым көп болып шықты. Бұл мәселеге жіті мән беріліп, былтырғы жылдан бері олардың жалақысы 25%-ға көтерілген. Жергілікті бюджеттен де қосымша қаржы бөлінген.

«Қаланың спорт жұртшылығы атынан біздің жаттықтырушыларымыздың еңбегіне ақы төлеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлгені үшін Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне алғыс білдіргім келеді. Президенттің мұғалімдердің жалақысын 25%-ға арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында 2020 жылы 257 млн. теңге, 2021 жылы жалақыны 50%-ға арттыруға 578 млн. теңге бөлінді. Спорт саласында ведомстволық бағынысты ұйымдар бойынша 809 адам жалақы алды. 2022 жылы жалақыны 75% көлемінде көтеруге 966 млн. теңге бөлінді», – деді Рүстем Сәлімұлы.

Өз кезегінде Комитет төрағасы алда спортшылар мен жаттықтырушылар жалақысын 100%-ға арттыру міндеті тұрғанын жеткізді.

АҚОРДА ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ
СОТ ТӨРЕЛІГІПрезидент Жоғарғы Сот төрағасы
Жақып Асановты қабылдады

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ» Ақорданың Баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Мемлекет басшысына сот жүйесінің қазіргі жағдайы мен сот төрелігіне қатысты өзекті мәселелер туралы ақпарат берілді.

Жақып Асановтың айтуынша, былтыр аудандық соттар шығарған 1,2 миллион сот шешімінің 1,4 пайызын немесе 17 мың істі жоғарғы сатыдағы соттар кері қайтарған немесе өзгерткен.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс істей бастаған әкімшілік соттардың қызметі туралы мәлімет берілді. Жарты жылда соттарға 14 мың талап арыз түскен. Мемлекеттік органдар әрбір екінші істе ұтылған. Бұрын қаралған істердің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін.

Президентке дауларды шешудің баламалы тәсілдері туралы баяндалды. Әкімдіктермен бірлесе отырып, жергілікті жерлерде соттан тыс медиация орталықтары құрылған. Соттар дау-дамайлардың мәмілеге келу арқылы шешілуіне көмектеседі. Бұрын тараптардың тек 3 пайызы ғана татуласа, қазір бұл көрсеткіш 34 пайызға жеткен.

Жоғарғы Сот төрағасы қылмыстық сот төрелігі саласында да ахуалдың өзгеріп жатқанын баяндады. Оның айтуынша, соттарда кінәлауға бейім тұру ісі тыйылып келеді. Соңғы 4 жылда ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақталғандар саны 7 есе (жылына 20-30-дан 200-ге дейін) көбейген.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы сот органдарын жаңғырту аясында жүзеге асырылатын бірқатар міндетті айқындап берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҰЛҒАТАНУ



дың бірі, көрнекті журналист, елге елеулі тұлғаларды тәрбиелеген ұстаз ретінде таниды. Ол қазақ журналистикасының қара шаңырағы саналатын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінде ассистенттен бастап декан ретінде қызмет етіп, соған 35 жыл өмірін арнады.

«Журналистика баршаға: медиа және технологияның жаңа буыны» деп аталған меретойға қатысушылар қазақ журналистикасының даму бағыты мен әлемдік БАҚ-тың өркендеуі жайлы ой бөлісті. М.Барманқұловтың зерттеулері де ортаға салынып талқыланды, ғалым еңбектерінің бүгінгі заманда да өзектілігін жоғалтпағаны аталып өтті.

Шара барысында Марат Барманқұловтың шығармашылығы мен мұралары жайлы, одан бөлек жаңа медиа мен цифрлық дәуірдің ерекшеліктері, бүгінгі БАҚ технологиялары мен жаңа

Журналистика мэтрі



Досбол
АТАЖАН

Журналистика мен ғылымның тізгінін қатар ұстаған Марат Барманқұловтың 85 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Көпшілік қауым Марат Барманқұловты еліміздегі журналистика ғылыми мектебінің негізін салушылар-

кадрларын даярлау мәселелері бойынша ғылыми еңбектер қорғалды.

– Биыл Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың 85 жылдығын атап өтіп жатырмыз. Бұл – кейінгі ұрпақ үшін, бүгінгі жастар үшін, студенттер үшін үлгі-өнеге боларлық дүние, – деді Журналистика факультетінің деканы Сансызбай Мәдиев.

2001 жылы ҚазҰУ Журналистика факультетінің телерадиокешеніне профессор М.К.Барманқұловтың аты берілді. Оның оқулықтары студенттердің білім беру бағдарламасына енгізілген. Алдағы уақытта ғалымның шәкірттері мен әріптестері оның мұрасын көп томдық жинақ ретінде басып шығаруды көздеп отыр.

ШОБ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК

Өтінімдер толық қаралды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Шағын және орта бизнеске келтірілген залалды өтеу жөніндегі өңірлік комиссия өтініштерді қысқа мерзімде қарап, мемлекеттік қолдау көрсетіп, қала экономикасын қалпына келтіруді жеделдетті.

Еркебұлан Оразалин атап өткендей, Info Kazakhstan электронды платформасына 1188 кәсіпкерден 1355 өтінім келіп түсті.

Өңірлік комиссия отырысының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 5286 млн. теңге болатын 1139 өтінім мақұлданды, оның ішінде бюджет қаражатынан 4194 млн. теңге сомасына 595 өтінім, «Жаңа Алатау» қоры қаржысынан 1091 млн. теңге сомасына тағы 544 өтінім.

– Негізінен сауда және қызмет көрсету секторы зардап шекті. Өтінімдердің көпшілігі азық-түліктік емес тауарларды, аяқкиімдерді, киімдерді сатумен айналысатын кәсіпкерлерден, сондай-ақ тұрмыстық техниканы, зергерлік бұйымдарды сататын сауда-ойын-сауық орталығының аумағында орналасқан айырбастау пункттері мен дүкендердің иелерінен келіп түсті, – деді Е.Оразалин.

Қалған 216 өтінім пысықтауға жіберілді (өйткені 120-сы бойынша құжаттардың толық емес пакеті ұсынылды, 96-ы жеңілдетілген тетік аясында төлем сомасы бойынша келіспеуге байланысты сот сараптамасына жіберілді).

Зардап шеккен бизнесті толық қамту және қала экономикасын тезірек қалпына



келтіру мақсатында Комиссия хатшылығы құжаттардың толық пакетін ұсыну бойынша көмек көрсету үшін Qoldau кәсіпкерлік орталығының жанынан консультациялық штаб ашты.

Өтемақы әлі төленбеген зардап шеккен кәсіпкерлер жұмыс күндері 9.00-ден 18.00-ге дейін мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303, 101-кабинетке кеңес алу үшін жүгіне алады.

Өңірлік комиссияның келесі отырыстары 2022 жылғы 12, 15 және 18 наурызға жоспарланған.

Брифингке Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов қатысып, зардап шеккен бизнесті қолдау үшін «Күш – бірлікте» қоры құрылғанын хабарлады. Комиссия шешімінен кейін Қор қаражаты объектілері тоналған және бұзылған Алматыдан және басқа өңірлерден келген кәсіпкерлерге бөлінеді.

ЭКОЛОГИЯ

Жобалар жандануда



Досбол
ОРЫНБЕКҰЛЫ

ҚР БҒМ ғылым қорының қолдауымен Қазақстан ғалымдары 40-тан астам экологиялық жобаны жүзеге асыруда.



Павлодар облыстарындағы ауаға улы газ шығарындыларын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді. Ғылыми әзірлемелерінің арқасында ғалымдардың табысы 336 млн. теңгеден асты.

Зерттеушілердің экология және социум – ESG, яғни экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару мәселелерін шешуге бағытталған басқару технологиялары бойынша әзірлемелері бар.

«Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы пленарлық отырысында ESG – жаһандық энергетикалық және технологиялық жүйеге көшу талаптарын күшейту жағдайындағы инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасының маңыздылығын атап өтті. Біз осы бағытта жұмыс жүргіземіз, зерттеушілердің ғылыми әзірлемелерін коммерцияландырамыз. Ғалымдар өндірістік, азық-түлік және ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу, экологиялық таза өнім алу, көгалдандыру және баламалы энергия өндіру бойынша жобалар әзірлеп жатыр», – деп хабарлады ҚР БҒМ «Ғылым қоры» АҚ Басқарма төрағасы Арын Орсариев.

КӘСІПТІК БІЛІМ

2022 жылғы 9 наурыздан бастап skills.enbek.kz онлайн режимде кәсіптік оқыту платформасын қолданушы үшін жеңілдетілді және жаңа сервистер іске қосылды.



SKILLS.ENBEK.KZ

платформасы жаңарды

Қазақстандықтарға кәсіби өсу және дағдыларды арттыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін платформада курстарды іздеу жетілдіріліп, сабақтардың түсінікті құрылымы жасалды. Оқыту барысын қадағалау және курс авторларымен жылдам өзара ақпарат алмасу мүмкіндігі пайда болды.

Платформаны пайдаланушылар енді курстар мен білім алушылардың саны, берілген сертификаттар, рейтинг және қатысушылардың пікірі туралы ақпаратпен таныса алады. Курс авторлары үшін сабақ құрастырудың қолжетімділігі артты. Олар алдағы уақытта қолданысқа берілген курстардың статистикасы мен тиімділігін қарай алады. Сонымен қатар, өз жұмысының құнын алдын ала есептеуге арналған онлайн-калькуляторды да сабақ авторлары үшін ыңғайлы болмақ.

Skills.enbek.kz – халықтың білім деңгейі

мен кәсібилігін арттыруға бағытталған. Білім алушыға онлайн курсты сәтті аяқтаған жағдайда (70% шекті деңгейден өту) кәсіби сертификат беріледі. Ол enbek.kz электрондық еңбек биржасында тіркелген жағдайда бұл сертификат автоматты түрде көрсетіледі.

Өткен жылдың шілде айында іске қосылған платформада 9,1 мың азамат білім алып, сертификат алды. Оның ішінде 5,5 мың адам – жұмыссыз азаматтар. Платформада әртүрлі бағыттар бойынша 100-ден астам курстар бар. Олардың 60-ы тегін. Сабақ ұзақтығы 1-ден 72 сағатқа дейін созылады.

Қазіргі уақытта «Управление персоналом», «Сүтті ірі қара өсіру», «Выращивание клубники от А до Я», «Ұннан жасалған кондитер өнімдері, жіктелуі және дайындалу технологиясы» және «Кассир» курстары сұранысқа ие.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жол уақытша жабық

«Қазселденқорғау» ММ ескертуінше, қар көшкіні жүру қаупіне байланысты Шымбұлаққа баратын автожол уақытша жабылады. Мамандардың хабарлауынша, қар деңгейі әдеттегіден 30 см-ге жоғары. Кеше сағ. 9.49-да Үлкен Алматы өзені бассейнінде 7 мәрте қар көшкіні тіркелген.

«Медеу мұз айдыны – Шымбұлақ тау-шаңғы кешені» автожолы бойында 11 қауіпті қар көшкіні жиыны орналасқан. Ол жердегі барлық қар осы жолға түсетіндіктен, жол бойындағы көліктер мен жаяу жүргіншілер өміріне қауіп төндіреді.

Қауіптің алдын алу мақсатында Шымбұлаққа көтерілетін автожол көлік үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де жабық болады. Жыл сайын көктем кезінде қар көшкіні қауіпі жоғарылайды, себебі, қыста қар жиналып, көктемде тау басында тұрақтай алмайды.

Көбіне қар көшкіні күндізгі уақытта, жылымық күндері тәулік бойы жүреді.

«Қазселденқорғау» ММ-мен келісе отырып, жолдың ашылуы туралы БАҚ арқылы қосымша жарияланатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АЛТЫН

СҰРАНЫС АРТТЫ

Еліміз алтын қоры бойынша әлемде 13-орында. Бұл – басқалармен салыстырғанда жақсы көрсеткіш.



Дегенмен, экономикалық көрсеткіш ұдайы өзгеріп тұрады. Көбіне әсерін беретін гео-саяси ахуал. Сол себепті де ерте тоқмейілсімеген абзал. Бірақ қаржылық мүмкіндіктер тәуекелдермен келетіні анық. Бастысы, қарекет ете беру керек.

Енді алтын қоры туралы ақпараттарға ойысасак.

Дүниежүзілік алтын бойынша кеңестің ақпаратына сәйкес, 1 наурыздағы жағдай бойынша, қымбат металл көлемі 385 тоннаны құрайды. Ал жыл басында ол 407 тонна болған еді.

Қазақстан алтын қоры бойынша Түркия

мен Португалияның ортасында, 13-орында тұр. Алтын қоры бойынша АҚШ, Германия және Италия алдыңғы қатарда.

Ал Comex биржасындағы қымбат металдың бір троя унциясы шамамен екі мың долларға сатылып жатыр.

Ұлттық банктің дерегінше, бір грамм алтын 32 400 теңге тұрады.

Байқап қарасаңыз, алтын көбіне өз құнын жоғалта қоймайды. Сондықтан болар, мемлекет, аса ірі бизнес өкілдері, банктер өздерінің қорын осындай аса бағалы затпен сақтайды.

ТРАНЗИТ

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ЖАНДАНА ТҮСПЕК

Қазақстан мен Әзербайжан транзиттік-көліктік әлеуетті дамытуға ниетті. Оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағытының мүмкіндіктері кеңінен қолданылмақ.



Бұл туралы еліміздің Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Қос тараптың ведомство өкілдері ағымдағы жылғы жүк тасымалы көлемінің болжамдарын, темір-жол учаскелері мен Каспий теңізінің өткізу қабілетін, сондай-ақ қосымша ағындарды қайта бағдарлау шарттарын талқылады.

Атап айтқанда, қазақстандық экспорттаушылар Транскаспий көлік дәлізі арқылы 2 млн. тонна отандық өнімді жөнелтуге дайын. Сондай-ақ, Қазақстан тарапы әзер-

байжандық әріптестеріне халықаралық бағыт бойынша автокөлікпен жүк тасымалын бірлесіп дамытуды ұсынды. Сонымен қатар, тараптар бірлескен кәсіпорын құру арқылы тарифтерді белгілеу және жүктерді декларациялау мәселелерін шешуге, бірыңғай IT шешімдерді қолдануға және транзиттік жүктерді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қазақстан мен Әзербайжан екі ел арасындағы әуе рейстерінің санын арттыруға дайын.

СЫЙАҚЫ

СЕРПІН БЕРЕДІ

Сыйлық пен сыйақы – егіз ұғым. Бұл – дәлелденген теорема. Ал оған қол жеткізу – үлкен қуаныш. Өйткені, жыл бойғы еңбектің ақталғаны, елеп-ескерілгені көңілге шаттық ұялатады. Әрбір қызметкер сапалы, нәтижелі жұмыс жасап, бейнетінің зейнетін көргені абзал. Бұл үшін талмай қажыр-қайрат көрсету керек екені айқын.



Ганс Христиан Андерсен: «Қозғалу, тыныс алу, қалықтау, жүзу, сыйлық беру-алу, зерттеу, саяхаттау – міне, өмірдің мәні осы», – депті. Біреулер үшін бұл білгірдің ойы, өзі жазғандай, ертегі сипатында қабылдануы мүмкін. Десе де, астарында талай пайым-түсініктер тұнып жатыр.

ТАРИХНАМА

Мұның сыры ежелгі дәуірлерде жатыр. Жаһанға әйгілі Александр Македонский, Шыңғысхан, Әмір Темір сынды патшалар дүниедегі ең ауқатты тұлғалар саналған. Олар өздерінің даңқын жан-жақты пайдаланған және шығарған. Даңқты қолбасшылар өздерінің даңқын асыру мақсатында әр түрлі әрекетке барған. Қасында жүрген үзеңгілестеріне зәулім сарай, қапшық-қапшық алтын динар, тағы сол сияқты нәрселермен құрмет-разылығын танытқан. Оған дәлел ретінде 1520–1566 жылдары Осман империясын билеген Сүлеймен Сұлтанды алуға болады. Ол өзінің бас уәзірі әрі күйеу баласы Ибраһим пашаға арнап сарай салдырған деседі. Әрине, бұл зәулім ғимарат алтынмен апталып, күміспен қапталғаны сөзсіз.

Ерте заманда шексіз ризашылық білдіру әртүрлі сипатта болған. Бай-шонжарлар жібек мата, бағалы ішік, кейбірі қомақты тиын салынған қапшықтар ұсынған. Бұны әр елдің өзіндік салтымен, ғұмыр кешкен уақытымен, дағдысымен байланыстыруға болады. Қысқасы, патша, бай-бағлан, т.б. разылығын түрліше білдірген.

ЫНТАЛАНДЫРУ

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Бұрынғы білгір даналар «Сыйлық адам мен адамның арасын жақындастырады» деп, аталы сөз қалдырған. Біздің қоғам нарықтық аймақта күн кешуде. Әлеуметтік желіден ата-анасына, бауырына, досына, сыйлық жасап, қуанып жатқандарды көреміз. Таңданып, тамсанамыз. Осының барлығы – жоғарыда айтылған тарихтың дамыған, жетілген сабақтастығы десек, артық айтпағандық.



Шығыс халықтары үшін сапалы тірлік бәрінен маңызды. Мәселен, Жапония, Оңтүстік Кореяда ынталандыруға баса мән берген. Тіпті, алдыңғы орынға шығарған. Айрықша ден қойған. Оларда компания, корпорациядағылар әртүрлі қаражат көлемінде сыйақы тағайындайтын көрінеді. Ол жағын әр ұйым өзінің ішкі құрылымына сай шешкен. Нақтырақ қанша айлық мөлшерін де беретінін өз ережелеріне сәйкес жасайды

екен. Осы тақылеттес дүниені АҚШ, Түркия, Сингапур сынды дамыған елдердің тәжірибесінен де аңғарамыз. Осындай игі дәстүр елімізге де ойысуда.

Қаржыгерлер «сыйақы ынтаның артуына алып келеді» деп жатады. Тегі, дөп айтылған сөз. Әрбір істің жемісті, бәсекенің жеңісті болуына жетелейді. Сол мақсатқа жету жолында қыруар шаруа атқарылады. Ал нәтиже дәмін татуды әркім көксейді.

ТҮЙІН:

Дүние жүзіндегі ең құнды сыйлық – Нобель сыйлығы. Кинода – Оскар. Осы сияқты тізім әр салада жалғаса береді. Оны иеленуге еңбегі адал, тірлігі нық, іскер әрбір жан үмітті әрі лайық демекпіз.

НОБЕЛЬ

ЕҢ ҚҰНДЫ СЫЙЛЫҚ

Нобель – дүние жүзіндегі айрықша сыйлық. Альфред есімді ғалымның болашақ өнертапқыштарға қалдырған мұрасы. Ол әдебиет, физика, химия, математика, экономика, т.б. салалар бойынша беріледі. Аталған сыйлықты алушы тұлғаға Швецияда 1 млн. АҚШ доллары табысталады. Дүниедегі құнды сыйлық туралы 5 қызық мәліметті ұсынамыз.



- Нобель сыйлығына ұсынылғандар туралы ақпар жарты ғасыр бойы құпия сақталады. Тек 50 жыл уақыт өткеннен кейін Швед академиясы мұрағаттарды ашады. Мәселен, 2017 жылдың қаңтар айында ақын Анна Ахматованың Нобельге ұсынылғаны анықталды. Әдебиет саласы бойынша 1966 жылы ең мәртебелі атаққа номинант болған ақын есімі 5 наурыз күні өмірден өтуіне байланысты тізімнен алынған.
- Әлемде 5 ерлі-зайыпты Нобель сыйлығын иеленген. Осы атақты алғаш болып 1903 жылы Мария мен Пьер Кюрилер алды. Олар әлемге әйгілі физик және үлгілі отбасы әрі ғалымдар әулеті болған.
- Бір қызығы, бағалы сыйлық 5 адамға сырттай берілген. Себебі, атақ берілген уақытта олар түрмеде отырған немесе еркіндігі шектелген. Олардың барлығы бейбіт өмір үшін күрескен. Олар – неміс пацифисі әрі журналист Карл фон Осецкий, кеңес әділетшілі Андрей Сахаров, польшалық белсенді Лех Валенса, бирмалық саясаткер Аун Сан Су Чжи және Қытай демократы Лю Сяобо.
- Құнды сыйлықтың ең жас лауреаты – 17 жастағы Малала Юсуфзай есімді қыз. Пәкістандық бойжеткен мұсылман елдерінде әйелдерге білім алу құқығының берілуі жолында күрескен. Оған 2014 жылы бейбіт өмір жолында жүргізген күресі үшін табысталған. Юсуфзай 11 жасынан бастап BBC арнасында блог жүргізу арқылы танымал болған.
- Бір қызығы, экономика саласы бойынша Нобель сыйлығы тізімде жоқ. Десе де, бейресми түрде Альфред Нобельдің құрметіне Швеция Банкінің экономикалық ғылымдағы сыйлықтарын солай атайды.

Бетті дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



СҰХБАТ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстанды» құру үшін әділ әрі түсінікті мемлекеттік саясат жүргізілуі керек...» деген болатын. Осыған орай филология ғылымының PhD докторанты, көне әдеби мұраларды зерттеуші Тұрсынбай ДӘУІТҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.



– «Жаңа Қазақстан» ұғымын жандандыру үшін не істемек керек?

– Қазақ айтады, «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп, сол сияқты тәуелсіздіктің отыз жылдығы қарсаңында үлкен-үлкен өзгерістерге куә болып, «Жаңа Қазақстан» деген термин өмірге келді. Енді біз осы ұғымды жандандыру үшін жастарға тура бағыт-бағдар нұсқауымыз керек. Қазақ деген қандай халық, тарихын, салт-дәстүрін, тілін, наным-сенімін, ұстанған дінін, территория тұтастығын, тәуелсіздік деген не, қанша ғасыр кімге бодан болдық, нені жоғалттық, неден ұтылдық, нені

сақтап қала алдық. Бұл тәрбиені отбасынан, балабақшадан, мектептен, қоғамнан талап етуіміз керек. Мектепте «мен әкім болсам» деген тақырыпта эссе жаздырмай, баланы ұлттық құндылықты тануға, құрметтеуге қарай бағыттау керек. Сонымен бірге, қазіргі жастардың әскерге барудан жалтару, қашу сияқты ер-азаматтарға жат, ездік пиғылын өзгертуге баса назар аудару керек. Білімді, дарынды жастардың жаппай жұмыссыздығын барынша тежеп, шетелге ағылмаудың амалын тауып, алдын алу керек. Ел еңсесін көтеріп, көсегесін көгертетін – білім мен ғылым. Білімді, парасатты ұлт жастарының талантын танып, тауын асқақтатып, ел ертеңі үшін қызмет етуге жұмылдыра білу керек.

– **Жыраулық, жыршылық өнерді зерттеуші, орындаушы екеніңізден хабардармыз. Мұнымен қашаннан бері айналысып келесіз, зерттелмей жатқан тұстар бар ма?**

– Аталған өнер саласына бел шеше кірісіп, індетте зерттеуші емеспін. Бірақ «әу демейтін қазақ жоқ» демекші, бала жастан естіп-біліп, ет-құлағымыз үйреніп өскеніміз шындық. Біздің балалық шағымыз Қытайдағы мәдениет төңкерісінің соңғы кезеңдеріне тұспа-тұс келген жайы бар. Ел ішіндегі ауқатты адамдар, халық қалаулылары мен өнер қайраткерлері халық жауы саналып, алды атылып, қалғаны «Тарым» дейтін «барсакемеске» айдалды. Ат әбзелдері, дәстүрлі ұлттық киім, үй жиһаздары, ән мен жыр сияқты рухани мұралар төрт көненің қалдығы саналып, тұтынуға тыйым салып, өртеліп, әртүрлі жолмен көзін жою қарастырылды. Шалдардың сақал-мұрты алынып, кемпірлердің шаштары қиылып, қытай үлгісіндегі киімге бірден ауысып шыға келді. Мұндай жағдайда қайдағы өнерге құштарлық болсын. Тойдың өткізілу тәртібі өзгертіліп, Маоның үзінділері мен компартияны жырлайтын қызыл әндер, барша халық сүйіп, табынып тұрып айтатын дүниеге айналды. 1976 жылы Мао өліп, Дың Шияу Пиң таққа отырғаннан кейін барып, саясат тиянақтанып, Маоның қателіктері терістеліп, сол жылдары Шыңжаң қазақ радиосынан қазақтың «Алқоңыр, Ақбақай» сияқты халық әндері орындалып, қуғын-сүргінге айдалған ұлт зиялылары, ақын-жазушы, әнші-күйшілері қайта тіріліп, қайтадан тұғырына отырып, тау бұлбұлындай сайрай бастады. Той-томалақта халықтың әндері шырқалып, айтыс өнері жанданды. «Абай жолы», «Қазақтың қара өлендері», «Мақал-мәтелдер», Таңжарық Жолдыұлы сияқты өнер тарландарының туындылары, т.б. баспа бетінде жарияланып, кітап болып басылып шықты. Соларды жата-жастана оқып, жаттап, айтып есейдік. Біздің бұл өнерге деген құштарлығымыз осылай бастау алды.

1994 жылы атажұртқа қоныс аудардым, 1995 жылдан бастап қазіргі Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында «Хандық дәуір әдебиеті» деген пәннен дәріс оқып келдім. Мұнда жыраулардың өмірі, шығармаларының мазмұны, көркемдігі деген тақырыптардан алыстап ештеңе айтылмайды. Өлі де тереңдете зерттейтін тұстары: жыраулардың азаматтық, ерлік, бағырлық, атақоныс, ұлттық намыс, тәуелсіздікке деген ұлттық рухтары көрнекілене түссе демекшіміз.

– **Жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарымызды насихаттаудың маңызы қандай?**

– Бүгінгідей ақпарат толқыны басып жатқан жаһандану кезеңінде ұлттық құндылығымызды сақтап қалып, насихаттау бізге ауадай қажет. Өйткені, қоғамның дамуына байланысты көптеген ұлттық құндылықтардың кедергіге ұшырап, мүмкіндігі шектелуі, тіпті жойылып кетуі табиғи құбылыс. Сондықтан ұлттық құндылық ұлт руханиятын жандандырудың алтын арқауы. Біз оны үзіп алмауымыз керек. Сан ғасырлар бойы ата-бабадан мирас болып сақталып, аманатталып келген ұлттық құндылықты бүгінгі ұрпақ бойына алуан түрлі әдіс-тәсіл арқылы сіңіре білуіміз керек. Бүгінгі ұрпақ ежелгі көшпелі тұрмыстан, тіпті ұлт руханиятының алтын бесігі саналатын ауыл өмірінен біртіндеп алыстап бара жатыр. Ас пен тойдағы дәстүрлі құндылықтар бірте-бірте үлкен өзгерістерге ұшырап барады. Мысалы: кезінде «жар-жар» қызды ұзатар кезде, қыздың үйінде айтылса, қазір жас жұбайларды той залына салтанатпен шақыру әніне айналды. Қайтыс болған кісіге айтылатын жоқтау, өлімді жөнелту дәстүрлері де үлкен өзгерістерге ұшыраған. Біз ұлт болып қалу үшін тағылымы мол осы құндылықтарды насихаттауды жаңғыртып, жандандыруымыз керек.

– **Философиялық сауал: болашақ кімнің қолында деп ойлайсыз?**

– Болашақ өз ұлтын, ана тілін шынайы сүйген, тегіне тартып тебіренетін, қазақы қалпын заман талабына сай сәйкестіре білген, бүгінгі озық ғылым-техникамен қаруланған, уызына жарыған, арлы, намысты, отбасын емес, жатса-тұрса елін ойлайтын отаншыл жастардың қолында деп ойлаймын.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ӘЛЕУМЕТ



Үкімет халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірледі.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

Шекті сома өзгереді

Зейнетақы қорындағы жинаққа салымшыларға берілетін үстеме табыс түсті.

БӘРЕКЕЛДІ!

Өмірге Батыр келді

Украинада жұмыс бабымен жүрген алматылық отбасының көптен күткен сәбii эвакуациялау кезінде аман-есен дүниеге келді.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Қателікті кешірмейтін мамандық

Елімізде жыл сайын наурыздың екінші сенбісінде «Жерге орналастыру, геодезия және картография қызметкерлерінің күні» кәсіби мерекесі аталып өтіледі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Геодезист – зерттеулер мен жаңалықты жақсы көретін жандар үшін таптырмас мамандық. Бұл кәсіпті таңдаған адам үнемі шығармашылық ізденісте жүреді. Яғни бір орында отырмайды. Бір қарағанда, журналистердің қызметіне ұқсастуға болады. Себебі, олар барлық саламен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Мәселен, құрылыс саласында геодезист жер бедерін картаға түсіріп, алдын ала жобалау жұмысын жүргізеді. Яғни ғимарат құрылысы басталмай тұрып, олар жер бедерін тексеріп, соған байланысты құрылыс сызбаларын сызады. Осыдан кейін геодезист жобаның бастапқы нүктесін тауып, сызбаны қайта құрылыс алаңына орналастырады. Егер ғимарат апатты жағдайда тұрса, оған да геодезист жауапты болады. Өйткені, ғимараттың қанша градусқа, қанша сантиметрге, тіпті қанша миллиметрге қисайғанын геодезия арқылы нақтыланады. Геодезисттің көмегімен тек құрылыстағы ғимарат қана емес құбыр, газ, су жүйесіндегі негізгі көлемді, кемшіліктер де анықталады.

Сала мамандарының айтуынша, геодезист болу үшін ең алдымен адамның математикалық ойлау жүйесі мықты болуы керек. Одан кейін геометрияны, физиканы және Пифагор теоремасын жақсы білгені жөн. Ал қазіргі заманғы талапқа сай AutoCAD, CIVIL 3D бағдарламаларына машықтануы міндетті екен. Неге десеңіз, бұрын сызбаның бәрі қолмен сызылса, қазір компьютер арқылы дайындалады. Сондықтан геометрия мен AutoCAD геодезист үшін өте маңызды. Одан бөлек, тригонометриялық функциялар – тангенс (tg), котангенс (ctg), синус (sin), косинусты (cos) жаттап алғаны

Жалақы өседі

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, халықтың еңбек етуден түсетін табысының үлесі соңғы 10 жылда 10,8 пайыздық тармаққа төмендеген. Бағдарлама бойынша жұмысшы жастарды, халықтың әлеуметтік осал топтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыруға, бюджет жұмыскерлеріне лайықты жалақы төлеуге, кәсіпкерлік кірістің өсуін ынталандыруға басымдық беріледі.

Азаматтардың табысын арттыру мәселесі бір құжатпен ғана шектеліп қалмайды. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов барлық мемлекеттік ұйымның алдында ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын құру міндеті тұр деді.

Алдымен денсаулық, білім беру, мәдениет, ғылым салалары жұмыскерлерінің орташа жалақысы өседі. Еңбек табысын арттыру бағыты аясында 22 іс-шара іске асырылмақ.

Ал қаражатты шешіп алуға аз күндер ғана қалды. 1 сәуірден бастап қорда қалуға тиіс жеткілікті шектің сомасы өзгереді.

Жасы 25-тегілер үшін наурыздың соңына дейін шотта 2 млн. 90 мың теңге қалуы тиіс, қалғанын шешіп алуға болады, сәуірден бастап бұл шек 3 млн. 730 мың теңгеге дейін көтеріледі. 35 жастағылардың шекті сомасы 2 млн. 940 мыңнан 5 миллионға көтерілсе, 45 жастағылар үшін 3 млн. 930 мыңнан 6,5 млн. теңгеге көтеріледі. 55 жастағы тұрғындардікі 5 миллионнан еді, енді 8 миллион теңгеден асып жығылады.

Алматылық Бауыржан Игіліков екі жылдан бері Украинада тұрып келген. Қазақстанға көшіру кезінде айы-күні жақындаған келіншегі дүниеге 8 жыл күткен тұңғышын әкеліпті.

«Жолда келе жатып босанды. Хмельницкте Дунаевцы деген аудандағы перзентханада бір дәрігер баланы алуға келісті. Өйткені, құрсақтағы шаранаға 40-шы апта болатын. Оған дейін біз Киевтің Адонец деген клиникасымен келісім-шарт жасасып қойған болатынбыз. Бірақ ол жерге телефон соққанымызда, «басқа жаққа барыңыздар, бізге шабуыл жасап жатыр» деген соң кетіп қалдық. Сосын келіншегім босанған күннің ертесінде сол клиникаға зымыран тигенін естідік», – дейді Бауыржан Игіліков. Олар баланың атын Батыр деп қойыпты.

Бүгінгі таңда елімізге Украинадағы жерлестеріміздің төртінші легі ұшып келді.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



өзіне жақсы. Себебі, геодезист-маман адамның қолы жетпейтін арақашықты құрылғы арқылы есептей алу керек. Мәселен, 20-30 қабатты үй қабырғасының қисайғанын білу үшін геодезист ғимарат төбесіне ұшып бара алмайды, сол себепті жерде отырып тангенс арқылы есептейді. Сондықтан геодезист үшін геометрияны білу – бірінші талап.

Мамандар бұл мамандық көбінесе ер балаларға лайық деп есептейді. Себебі, олар далалық өлшеу жұмыстарын жиі жүргізеді және электронды жүйенің көмегімен план, карталарға өңдеу жасайды. «Кейде өз жерінің нақты көлемін, шекарасын білмей дауласып жатқан ағайынға көмек қолын созуға тура келеді. У-шуы көп жерлерде қыздардан гөрі, жігіттердің жүргені дұрыс. Олар кейде учаскелерді өлшеу үшін тау-тасқа шығып жатады. Күніне бірнеше шақырым жерді жаяу жүреді. Сондықтан бұл мамандыққа ұлдар ыңғайлы», – дейді осы сала маманы.

Бүгінде бұл салаға жастардың қызығушылығы артқан. Өйткені, бұл кәсіп сұранысқа ие, табысы жоғары мамандықтардың қатарында тұр.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының мәліметінше, өткен жылы аталмыш басқармаға барлығы 12 820 кіріс хат-хабар келіп түскен. Оның ішіндегі 9854 өтініш жеке тұлғаларға, 2966 өтініш заңды тұлғаларға тиесілі. Сонымен қатар, 2021 жылы жер комиссияларының 38 отырысы өткізіліп, онда 6780 өтініш қаралған.



КИНОИНДУСТРИЯ



Кинопрокат мәселесі шешілуде

Досбол
АТАЖАН

10 наурыз күні ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде Дәурен Абаевтың төрағалығымен еліміздегі киноиндустрияны дамыту мәселелеріне арналған кеңес өтті. Оған кинопрокат нарығында жұмыс істейтін отандық компаниялардың басшылары қатысты.

Қазіргі уақытта министрлік тарапынан шетелдік компаниялармен қажетті келіссөздер жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Голливудтың үш студиясы – Universal Pictures, Warner Bros және Paramount Pictures – бұрын бекітілген кестеге сәйкес қазақстандық көрермендерге өз картиналарын ұсынуды жалғастыратыны хабарланды.

Walt Disney Company және Sony компанияларымен отандық кинопрокатшылар ҚР МСМ қатысуымен тікелей келіссөздер жүргізуде. Министрлік тиісті келісімдерге қол жеткізу үшін айтарлықтай кедергілер жоқ екенін айтып өтті.

Голливудтық фильмдерді Қазақстан кинотеатрларында көрсету мәселесі шешіліп жатыр.

БАЙҚАУ

«Мұқағали» Үндістанға барады

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Белгілі қазақстандық режиссер Болат Қалымбетов түсірген «Мұқағали» көркем фильмі Үндістанда наурыздың 18–25 аралығында өтетін 26-шы Халықаралық Керала кинофестивалінің «Әлемдік кино» бағдарламасы шеңберінде көрсетіледі.

Бұл байқауда Берлин және Канн сынды басқа да әлемдегі беделді фестивальдерде жүлделерге ие болған фильмдер ұсынылады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірген «Мұқағали» картинасы қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев өмірінің соңғы жылдары туралы баяндайды.

Фильмнің әлемдік тұсаукесері Таллиндегі «А» санатындағы 25-ші Халықаралық «Темные ночи» (POFF) кинофестивалі шеңберінде өткен болатын. Байқаудың негізгі бағдарламасына қатысқан отандық кино-туынды экumenикалық қазылар алқасының арнайы жүлдесіне ие болды. Биографиялық драма елімізде былтыр қазан айында прокатқа шығып, көрермен ықыласына бөленген болатын.

Керала халықаралық кинофестивалі – Үндістанда өтетін ең ірі әрі беделді байқаулардың бірі. Мәдени іс-шара Керала штатының мәдениет департаментінің ұйымдастыруымен жыл сайын желтоқсан айында өткізіледі. Биылғы фестиваль COVID-19 пандемиясына байланысты наурыз айына ауыстырылып, дәстүрлі форматта өткізілетін болады. Фестиваль шеңберінде барлығы 180 фильм көрсетіледі.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының кіші сахнасы тағы бір жаңа спектакльмен толықты. 10 наурызда сахнаға жол тартқан қойылымның премьералық көрсетілімі әлі де жүріп жатыр.

Қойылым кіші сахнада қойылса да, көтерген жүгі үлкен дүние екендігіне көз жеткіздік. Режиссердің айтқысы келгенін ұға алдық. Қойылым басталмай жатып-ақ көрермендерді спектакльдің атмосферасына алдын ала үйрету мақсатында сахнада раушан гүлдері шашылып, кіре берістен түрлі эмоциядағы әйел адамдардың суреттері қолымызға табысталды. Сондай-ақ, әсерлі музыка қосылып, дөңгеленіп отыруымыз ерекше сезімге бөледі. Төбемізде ілініп тұрған 7 шам әр жерден жанып, кейіпкерлердің жан сырын ақтарды. Бастапқыда қойылымды түсіне қоймағандықтан, барлығымыз өз сырмызды айтамыз ба деген ойға қалдық.

Тәжік актері Барзу Абдуразаковтың шығармасы желісінде қойылған спектакльді қазақ тіліне аударған – Асқар Наймантаев. Ал сахнаға ыңғайлаған қоюшы-режиссері – Шағуан Үмбетқалиев.

«Бұл спектакльге көп уақыт дайындала қоймадық, алайда актерларды таңдауда қиындық туындағаны рас. Неге десеңіз, спектакль шынайы өмірден алынған. Сол себептен, көрерменнің жүрегіне жеткізетін жандар керек болды. Қойылымды ер адамдар



көре алмайды. Неге десеңіз, бұл жерде әйел адамдар ғана түсінетін сырлар айтылып, жүрек наздарын тербететіндігімен ерекше. Алдағы уақытта, мұндай қойылымдар көбейіп, көрермендердің де көңілінен шығады деген сенімдеміз», – дейді Шағуан Үмбетқалиев.

Қойылым әртүрлі жастағы әйелдердің монологтарынан, әлеуметтік мәртебесінен, отбасылық жағдайындағы қиыншылықтарынан тұрады. Кейіпкерлердің образы жоғары лауазымды тұлға, қарапайым мұғалім және зейнеткер, үй жағдайындағы әйел және жеңіл мінезді қыздардан құралды.

Әңгімелерінде жеке өміріндегі ешкімге айтпаған сырлары туралы баяндайды. Махаббат, отбасы, сатқындық, бөліну, ана қуанышы, бақыттың ауысуы. Әрбір әйел өз ісін – әрекеттерінің психологиялық негіздемесін табады.

Қойылым залда отырған кез келген көрерменге әсер етті. «Кіші сахна ашылғалы бері өте жақсы қойылымдар қойылуда. Спектакль менің көңілімнен шықты, арасында көзіме жас та келді. Актрисалар өз рөлдерін жоғары деңгейде

ойнап шықты. Соның арқасында болар, әр кейіпкерді жүрегіммен сезіндім. Маған «Сәуле Тұрдахұнованың сомдағаны қатты ұнады. Тіпті, өз өмірін баяндап отырғандай жүрегім елжіреп кетті», – дейді көрермен Әсел Рузібайқызы.

Соңғы монолог – жоғалған қызын іздеген ананың атынан айтылады (рөлде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шолпан Сіргебаева ойнайды). Оқиға алдыңғы актрисалардың барлық болмысын қорытындылайды. Бұл өзі жоғалған, тамырынан ажыраған, дәстүрлі өмір салты мен ұлттың құндылықтарын іздегендей. Сонымен қатар, аудиторияда отырған әйелдер осы спектакльдегі кейіпкерден өзін тани алады. Камералық монологтарда, бір қарағанда, айнадағыдай дәуір көрінеді. Жеке әңгімелер «адам тағдыры, халық тағдыры» деп аталады.

Барзу Абдуразаковтың қойылымының премьерасы Парижде өтті. Содан бері «Сырымды саған айтамын» қойылымы халықаралық, ресейлік және еуропалық фестивальдерге тұрақты қатысып келеді.

САХНА

Қостанайдың І.Омаров атындағы Қазақ драма театры гастрольдік сапармен Алматыға келді.

«Кішкентай адамның үлкен трагедиясы»



Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасында А.Чеховтың 6 шығармасынан құралған «Кішкентай адамның үлкен трагедиясы» атты қалжыңсыз комедиясы көрерменге ұсынылды.

Басқа спектакльдерден ерекшелігі, мұнда біріктірілген 6 шығармада тек 6 актер ойнайды. Қойылымда жемқорлық, билік пен халық арасындағы тап үстемдігі, адам құқығы жайлы әлеуметтік мәселелер көтерілген. Театр ұжымы аталмыш спектакльге 2 айдан артық дайындалыпты.

«Мен қазір құпия қызметке дейін көтерілдім ғой... Екі жұлдызды алып тастадым дегендей... Сол екен, жіңішке кісінің бетінен қаны қашып, сіресті де қалды, сәлден соң оның беті қисайып, жайыла күлді; сол сәтте оның беті мен көзінен әлдеқандай бір ұшқын шашылып жатқандай боп көрініп кетті. Сосын өзі басын ішіне тартып, еңкейе, иіле түсті...».

Орыс жазушысы А.Чеховтың шығармаларында кездесетін осындай диалогтар қай қоғамдағы болсын көп қайшылықты дөп басып тұр. Драматургтің «Қорғансыз жан», «Қаскүнем», «Жуан мен жіңішке», «Хористка», «Хамелеон» әңгімелері адамның надандығын, билік пен қарапайым шаруа санасының түйіспеуін, жағымпаздықтың жиіркенішті көрінісін, ақша-



ның алдында адамгершіліктің құнсыздануын, ащы шындықтан қарағанда, тәтті өтірікке құмарлығын, құлдық сананың адам бойына сіңіп кеткенін тап көрсетеді. Міне, осы оқиғаларды І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрының бір қойылымда тоғыстыруы туындының көтерген тақы-

рыбы өте ауқымды әрі өзекті екенін айғақтап тұр.

Күлкілі жайттар көп болуы мүмкін, бірақ оның ар жағында үлкен трагедия жатыр. Қойылым өмір шындығына терең бойлап, қоғам кеңістіктеріндегі әлеуметтік-философиялық тақырыпта ой қозғайды. Адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты екендігін естен шығармауы тиіс. Автор құлдық сананың тамшыларын адам бойынан сығып алудың керемет үлгісін көрсетеді. Ол заманауи эффектілерден бас тартып, бетпердесіз шынайылыққа бір қадам жақындата түседі. Қойылымда ынжықтық, сылбырлық, надандық, екіжүзділік, жағымпаздық айқын бейнеленген.

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ!

ӘЛЕМГЕ ТАНЫМАЛ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ

Жер жүзі ғажайыптардан тұрады. Оны жасайтын – айрықша адамдар. Олар адамзаттың бағытын өзгертетін күшке ие.

Бәріміз жаһанға танымал болуды ойлаймыз. Сол үшін барынша тырысамыз. Талпынып, түрлі қадамға барамыз. Десе де, ондай болмаққа ерекше қабілет, дарын, ынта қажет. Бүгінгі адамның мүмкіндігі жоғары. Ғаламторды ашып, түрлі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Бір сәтте күллі дүниені

таңдандыра аласыз. Бұл жолда шын таланттар бір сәттік бейнеге емес, мәңгілік тұлға болуға талпынары анық. Соңғы уақыттары қазақ жастары осындай биік тұғырдан көрініп жүр. Тіпті, ғаламдық деңгейге өрлеуде. Осыған байланысты әлемге әйгілі 5 қазақ жайлы деректер топтамасын ұсынамыз.

Димаш Құдайберген

Димаш – әлемдегі айрықша дауыс иесі. Тембр, жоғары мен төменгі ноталарды шебер ала біледі. Ол бүгінге дейін АҚШ, Қытай, Ресей, Еуропаның көптеген елдерінде жеке концертін берді. Тіпті, жанкүйерлері қазақша ән шырқап, қазақтың ұлттық киімдерін киіп, ғаламторға жүктеп, жылы лебізін білдіретіндер қатары артып келеді.

Дінмұхаммед Құдайберген 1994 жылы 24 мамырда Ақтөбеде танымал әншілер Қанат пен Светлана Айтбаевтардың отбасында дүниеге келген.

Қазақ ұлттық өнер университетін «Эстрада вокалы» мамандығы бойынша бітірді. Марапаттары:

2014 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» Мемлекеттік Жастар сыйлығының лауреаты;

«Жыл таңдауы – Халықтың сүйіктісі» Ұлттық сыйлығының лауреаты;



2017 жылы Қазақстан Республикасының мәдениет пен өнер саласындағы мемлекеттік стипендиясының иегері;

2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры сыйлығының иегері;

2018 жылы Қытайда «Weibo Night» салтанатында «Ең танымал әртіс» жүлдесінің иегері.


2019 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды.

2021 жылы Димаш Құдайберген Азиядағы ең сымбатты ер адам атанды.

Иманбек Зейкенов

Иманбек – қарапайым жан. Солтүстік өңір, Ақсу қаласының тумасы. Бала күнінен музыкаға құмартқан. Сөйтіп, әртүрлі тректерді ритмге түсіруді ойлап жүрген. Ол ойына 20 жасында қол жеткізеді. 2020 жылы «Гремми» жүлдесін ұтады.

Оның ремикстерін түгел Еуропаны Нидерланды, Бельгия, Швеция, арысы Америка мен Канаданы шарлайды. Ғаламтордағы Shazam рейтингінің үштігіне енеді. Көптеген тыңдалым жинайды. Барша дүние жүзі бойынша ең танымал әрі жас музыкант болып есептеледі.



Димаш Әділет

рын салды. Ізденді, спортпен шұғылданды. Америкадағы ең танымал сән сахналарына қатысты. Тұр-сымбаты мен ойы қатар келіскен қазақ жігіті талай арудың жүрегін баурады. Голливудтық танымал актрисалар оның өнеріне тәнті болды. Бүгінде Димаш ең танымал сән әлемінің шоқ жұлдызына айналды. Өзінің бір сұхбатында «болашақ жарын дүниедегі ең бақытты әйел ететінін» айтты.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Димаш Әділет IQ тестін жоғары нәтижемен тапсырып, әлемдегі ең ақылды адамдардың қатарына қосылды. Ол – Қазақстан тумасы, Гарвард университетінің түлегі. Сонымен қоса, дүниедегі IQ ең жоғары адамдардан құралған халықаралық Mensa International ұйымының мүшесі.



Ол – дүние жүзіндегі ең сымбатты ер адам. Өзінің арманын орындау жолында ба-

Жәнібек Әлімханұлы

Жәнібек – Qazaq style-дің негізін қалаушы. Оның жылдамдығы дүниені таңдандыруда. Ол – бокс саласы бойынша Америка Құрама Штаттарындағы жас спортшылардың бірегейі. Ұлттық жауһарларымызды танытып жүрген бірден-бір қазақ.

Ол 1993 жылы 1 сәуірде Алматы облысы, Жыланды ауылында дүниеге келген. Кәсіпқой бокста орта 72 келі салмақта өнер көрсететін, жеңіліс көрмеген кәсіпқой боксшы. Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, әуесқой бокста 2016 жылғы Олимпиада қатысушысы. 2013 жылы әлем чемпионы. 2013-2014 жылдары Азия Чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. WBO




Global тұжырымы бойынша 2012–2020 жылдары WBC Continental Americas тұжырымы бойынша жеңімпазы саналады.

Санжар Мәдиев

Санжар – көпшілікке танымал актер. Көбінесе махаббат, тарихи көркем туындылар, экшн деректі фильмдерімен танылды. Оны басында ресейлік актер деп шатастырғандар да болды. Өйткені, оның танымалдылығына қуат берген сол елдегі түскен кинолары еді. Бүгінде бойшаң, атжакты, еуропалық келбетті келген отандасымыз шетелдік кинокартиналарының сұранысына ие.

Жерлесіміз 1986 жылы Алматыда дүниеге келген. Жастайынан брэк-данс, қоян-қолтық ұрысқа және жүзу үйірмелеріне қатысты. Лосанджелесте кино сала-



сы бойынша мамандығында Film Making білім алды. Осыған дейін 30-дан астам жобаға қатысты.

Дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ТУРИЗМ

ТАБЫС КӨЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шетелдік туристер саны 9 млн.-ға дейін өсуге тиіс» деген болатын. Қазақстанның бұл бағытта мүмкіндігі зор екені анық.

Табиғатымыз туризмді дамытуға өте қолайлы мекен. Еліміз қоңыржай контингентті белдеуде орналасқан. Солтүстікте қыс ұзақтау. Ал оңтүстікте жаз мезгілі созылыңқы келеді. Жер бедерінде де айырмашылықтар байқалады. Батыс, солтүстік жазық дала, ұсақ шоқылы болса, оңтүстік және шығыс өңір таулы қыратты. Әсіресе, Алматының орналасқан жері, жасыл-желекті, Алатаудың көтері табиғат берген сұлулыққа толы.



ҮМІТ КІЛТІ

Әлемде туризм саласын табыс кілтін айналындырғандар жетеді. Сол арқылы өздерінің табысын арттырып, мемлекеттік бюджетке қомақты қаржатпен үлес қосуда. Солардың бірегейлері – Түркия, Араб Әмірліктері, Канада, Швейцария, Малайзия, т.б. Аталған елдерге саяхаттаушылар, қажылық жасаушы-

лар, зиярат етушілер, тағы да басқалай мақсатпен баратындар көп. Әр келген кісіден қыруар қаржы тауып отыр. Сонымен бірге, сервисі жолға қойған. Сапалы түрде қызмет көрсетеді, қонақ үй, апталық бағдарламалар, түрлі көңіл-көтеру шараларын ұйымдастырады. Осылайша қаражаттың қай бағыттан құйылатынын әбден меңгерген.

САЯХАТТАУҒА ҚОЛАЙЛЫ МЕКЕН

Қазақ жерінің асты мен үсті өте бай. Мың да бір шүкір. Соның ішінде, әлгінде жоғарыда келтіргендей, табиғатымыз аса көрікті саналады. Көз тартар ғажайып өлкелер баршылық. Қызғалдақ, апорт алмасының отанымыз. Ұлттық құндылықтар мен жәдігерлерге баймыз. Соның ішінде Ұлытау, Сарайшық, Сауран, Отырар сынды қалалардың орны күні бүгінге дейін саяхаттаушылар назарынан тыс қалған

емес. Ал қасиетті Түркістанның жөні бір бөлек. Нағыз тарихи өлке. Әзірет Сұлтан, Рабиға Сұлтанбегім кесенелері, Қылуат, ортағасырлық монша, бәрі-бәрі көне шежіреден сыр шертеді. Шығыс Қазақстандағы Қатынқарағай алқабы, Қайыңды-Көлсай мен батыстағы Бекет ата мешітінің орны бір бөлек. Ең бастысы, аталған аймақтарда инфрақұрылымды реттеп, қонақ үйлерді көптеп салып, жарнама-сын әлеуметтік желілер арқылы жасасақ, нұр үстіне нұр болмақ.

P.S.

Елімізде туризмді дамытуға қатысты қолға алынып жатқан игі істер баршылық. Соның бірі – киелі Түркістан жанданып, жаңарып келеді. Көкшенің сұлулығына не жетсін?! Шіркін ғажайп қой! Ең негізгі айтарымыз – еліміз дамыған, әлеуетті елдер санатына қосыла берсін. Экономикамыз қарыштап дами берсін деген тілектеміз.

Азиза АБЫЛАЙХАН.



		028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	30 238 803,0
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	8 000 000,0
	323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	5 030 083,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 175 675,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	854 408,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	148 563 773,0
		003	Жалпы білім беру	66 930 669,0
		004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	5 312 113,0
		005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 272 710,0
		008	Балаларға қосымша білім беру	4 691 846,0
		019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	48 000,0
		040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	69 308 435,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	718 054,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	718 054,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	24 910 943,0
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	38 016,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	24 872 927,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 029,0
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 029,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	297 216,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	297 216,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	6 009 486,0
		038	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	6 009 486,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	624 880,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	624 880,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	78 552,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	78 552,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	11 665 683,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	391 011,0
		006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	342 233,0
		007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 263 457,0
		009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	524 883,0
		013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	790 535,0
		014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	231 837,0
		021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	355 048,0
		027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	4 595,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 762 084,0
05			Денсаулық сақтау	41 557 489,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	2 680 698,0
		009	Алматы қаласында қоғамдық денсаулық объектілерін сейсмикалық күшейту	88 293,0
		038	Қоғамдық денсаулық объектілерін салу және реконструкциялау	2 592 405,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	8 298 400,0
		005	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 288 799,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	327 489,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	25 571,0
		041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	6 656 541,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	2 777 578,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 777 578,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	1 211 224,0
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	1 211 224,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	35 959,0
		029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	35 959,0
	322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	26 553 630,0
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	268 803,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	53 764,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	5 324,0
		018	Қоғамдық денсаулық саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	142 581,0
		033	Медициналық қоғамдық денсаулық ұйымдарының күрделі шығыстары	21 930 193,0
		051	COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметтер	4 152 965,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	40 462 252,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	905 251,0
		039	Әлеуметтік әл-ауқат объектілерін салу және реконструкциялау	905 251,0
	327		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы	10 247 364,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 216 724,0
		006	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 769 953,0
		020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 345 667,0
		021	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	634 588,0

		022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 279 277,0
		057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	1 155,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 094 700,0
		016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	859 503,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	235 197,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 005 920,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 005 920,0
	317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	4 000 000,0
		017	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	4 000 000,0
	327		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы	15 507 232,0
		003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	7 664 369,0
		007	Тұрғын үйге көмек көрсету	55 500,0
		008	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	2 056 764,0
		009	Мүгедектерді әлеуметтік қолдау	1 206 017,0
		015	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	3 320 368,0
		016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	284 569,0
		018	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	442 627,0
		030	Жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз ету	477 018,0
	321		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	1 500 000,0
		068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 500 000,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	44 606,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	44 606,0
	327		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы	6 157 179,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуға қамтамасыз ету, еңбек және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 202 623,0
		013	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	48 124,0
		019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастыру	1 782 385,0
		026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	724 000,0
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	155 015,0
		045	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 722 481,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	349 860,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	172 691,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	141 905 877,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	36 237 087,0
		012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	18 235 777,0
		017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	10 441 310,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	7 560 000,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	2 890 311,0
		008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	2 890 311,0
	321		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	1 382 958,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй және техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	687 549,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	695 409,0
	351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	9 508 716,0
		010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікте иеліктен айыру	9 508 716,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	2 738 116,0
		013	Қаланы абаттандыруды дамыту	2 738 116,0
	315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	11 947 031,0
		017	Қаланы абаттандыруды дамыту	11 947 031,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	25 326 400,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және инфрақұрылымдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 785 174,0
		007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	23 159 153,0
		016	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 689,0
		028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	373 384,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	51 021 155,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 431 483,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13 366 343,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	326 523,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен қоғалдандыру	34 896 806,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	435 016,0
		007	Елді мекендерді абаттандыру мен қоғалдандыру	435 016,0
	315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	319 087,0
		018	Қаланы абаттандыру мен қоғалдандыру	319 087,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	100 000,0
		041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	100 000,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	36 906 831,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	56 000,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	56 000,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	70 810,0
		014	Мәдениет объектілерін дамыту	70 810,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	10 341 763,0
		004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	7 539 325,0
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	527 329,0
		006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	78 000,0
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	1 527 759,0

Жалғасы. Басы 8-9-беттерде.

		008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	669 350,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	2 370 236,0
		018	Спорт объектілерін дамыту	2 370 236,0
	323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	11 315 835,0
		001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	101 166,0
		002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 537 156,0
		003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	5 594 432,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 476,0
		016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 032 330,0
		032	Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 047 275,0
	313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	3 386 910,0
		001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 291 298,0
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	95 612,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	3 698 949,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 698 949,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 600 574,0
		009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 082 932,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	517 642,0
	380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	1 498 819,0
		001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	126 155,0
		002	Туристік қызметті реттеу	1 368 047,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 617,0
	304		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың креативтік индустриялар басқармасы	820 965,0
		001	Жергілікті деңгейде креативті индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	117 102,0
		002	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 862,0
		003	Қаланың креативті индустриясын қолдау бойынша қалалық іс-шаралар өткізу	699 001,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	1 371 897,0
		001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	785 527,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	548 974,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	37 396,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	374 073,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	169 858,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 757,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	196 458,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	24 284 305,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	24 284 305,0
		012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	24 284 305,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	7 952 844,0
	326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 601 459,0
		011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 500,0
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	247 833,0
		016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	48 282,0
		021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	19 600,0
		022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	182 213,0
		034	Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	601,0
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	801,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін	400 000,0
		055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	175 136,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	522 493,0
	315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	826 112,0
		009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	826 112,0
	315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	5 229 869,0
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау және жасыл экономиканы дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	182 982,0
		004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	3 033 921,0
		005	Экожүйе объектілерін дамыту	1 229 561,0
		006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	608 530,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	174 875,0
	351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	295 404,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	249 380,0
		003	Жер қатынастарын реттеу	38 600,0
		008	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 424,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	4 470 193,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	937 558,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	926 689,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 869,0
	319		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы	3 132 064,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	499 109,0
		002	Елді мекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	2 632 955,0
	324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	400 571,0
		001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	358 984,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	41 587,0
12			Көлік және коммуникация	112 920 335,0
	317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	40 897 573,0
		007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	20 147 573,0
		016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20 750 000,0
	317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	72 022 762,0

		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	964 358,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 218,0
		008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	10 921 141,0
		009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	56 414 566,0
		011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	3 711 479,0
13			Басқалар	52 205 879,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	204 831,0
		040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустрия-лық парктердің инфрақұрылымын дамыту	204 831,0
	326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	6 883 375,0
		005	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	959 647,0
		007	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	750 000,0
		017	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	4 756 083,0
		018	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	372 645,0
		082	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	45 000,0
	314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	9 040 871,0
		031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	9 040 871,0
	315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	2 106 304,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 106 304,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	6 402 013,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	6 402 013,0
	317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	4 250 339,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	4 250 339,0
	320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	15 549 200,0
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	300 000,0
		013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	15 249 200,0
	323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	1 232 862,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 232 862,0
	326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	6 536 084,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 155 490,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 360,0
		004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	367 234,0
14			Борышқа қызмет көрсету	7 332 671,0
	320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	7 332 671,0
		005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	7 328 376,0
		018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	4 295,0
15			Трансферттер	238 984 487,2
	320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	238 984 487,2
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 276 789,8
		007	Бюджеттік алып қоюлар	211 516 094,0
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	18 920 906,0
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	7 270 697,4
			III. Таза бюджеттік кредит беру	14 097 244,0
			Бюджеттік кредиттері	15 000 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	15 000 000,0
	321		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	15 000 000,0
		012	Тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	15 000 000,0
05			Бюджеттік кредиттерді өтеу	902 756,0
	1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	902 756,0
		06	Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	902 756,0
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	48 320 974,0
			Қаржы активтерін сатып алу	48 657 974,0
12			Көлік және коммуникация	10 775 394,0
	317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	10 775 394,0
		019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	10 775 394,0
13			Басқалар	37 882 580,0
	316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	6 940 921,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	6 940 921,0
	317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	20 738 872,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	20 738 872,0
	321		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	3 902 787,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	3 902 787,0
	326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	6 300 000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	6 300 000,0
06			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	337 000,0
	1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	337 000,0
		02	Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер	50 000,0
		05	Мүлдіктің кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізудегі өзге мемлекеттік мүлдікті сатудан түсетін түсімдер	287 000,0
			V. Бюджеттік дефицит	-74 150 553,2
			VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	74 150 553,2



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

«ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!»

10 наурыз күні «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттеріне жазылушылар арасында «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық байқауы өтті.

Байқау комиссиясы тәуелсіз бақылаушының қатысуымен жеңімпаздарды анықтады. Жүлделерді табыстау сейсенбі күні, 15 наурызда «Almaty Aqparat» ЖШС кеңсесінде өтеді. Жүлделер бойынша жеңімпаздар мен номинациялардың есімдері 2022 жылғы 17 наурызда «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінде жарияланады.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз! Байқауға қатысқан барлық жазылушыға алғыс айтамыз. «Almaty aqshamy» газетіне деген тұрақты құрмет-қолдауларыңызға рахмет!

Анықтама бойынша телефон: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

Ұйымдастыру комитеті.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 9 айға – 5404,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 9 айға – 14584,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 9 айға – 3964,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2022 жылғы 17 наурызда сағат 11.00-де Алматы қаласы, Түркебаев көшесі, 4 мекенжайдағы «№62 гимназия» КММ-да Алматы ауданының әкімі Е.І.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қала мәслихатының депутаттары, прокуратура, Ішкі істер органдарының қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер: Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімінің, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

Алмалы ауданы әкімінің аппараты.

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 2022 жылдың 17 наурызында сағат 10.00-де М.В.Ломоносов атындағы №38 (Радостовец көшесі, 367-үй) гимназия-мектепте Бостандық ауданының әкімі А.Е.Рақымбетовтің тұрақты кездесуіне шақырамыз. Кездесуге қала басқармасының мамандары мен Алматы қаласы мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері, Ішкі істер басқармасының қызметкерлері мен қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Кездесуге дейін өзекті және басым мәселелер бойынша тұрғындардан ұсыныстар жинау жүргізіледі. Айманов көшесі, 191-үй мекенжайы бойынша 214-бөлмесіне және Инстаграм (bostandykalmaty), Фейсбук (Bostandyk Almaty) әлеуметтік желілері және Бостандық ауданы әкімі аппаратының сайты арқылы ұсыныстарыңызды жолдауға болады.

Кездесу аяқталған соң аудан әкімі мен қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өтеді.

Барлық сұрақтар бойынша 275-43-80, 274-82-88 телефондары арқылы хабарласа аласыздар.

Бостандық ауданы әкімінің аппараты.

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 11 НАУРЫЗДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 889 821
II компонент: 677 501

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 736 992 II компонент: 566 454	I компонент: 33 685 II компонент: 25 259	I компонент: 116 156 II компонент: 87 720

Алатау аудандық Ардагерлер кеңесі тыл ардагері, «Әйгерім-2» ықшамауданының бастауыш Ардагерлер ұйымының төрағасы, Мәдениет және тілдерді дамыту тұрақты комиссиясының төрағасы

Әлібек Тойбекұлы СОЛТАНБЕКОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

БОКС

ДАНИЯР ЕЛЕУСІНОВ

әлемдік рейтингке қосылды



Олимпиада чемпионы, бүгінде кәсіпқой боксшы Данияр Елеусінов (11-0, 6 KO) халықаралық бокс федерациясының (IBF) жаңартылған рейтингіне енді.

Отандасымыз өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында аргентиналық Хуан Эрнан Леаоны жеңіп, ИВО тұжырымы бойынша жартылай орта салмақта чемпион атанған еді. Бұл Данияр үшін алғашқы әлемдік белдеу болды. Бұл жеңістің нәтижесі бойынша боксшымыз IBF үздіктер тізімінде 15-ші орынға тұрақтады. Бұған дейін отандасымыз IBF дәрежесінде де биіктерді бағындыруға ниеттенген болатын.

Айта кеткен жөн, қазіргі таңда IBF титулының иегері американдық боксшы – кіші Эррол Спенс (27-0, 21 KO).

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ОТАНДАСТАРЫМЫЗ – РЕКОРДТАР КІТАБЫНДА



Әлемді таңқалдырып, Гиннесс рекордтар кітабына кірген қазақстандықтар туралы білесіз бе?

• Геннадий Головкин 2016 жылы Гиннесс рекордтар кітабына нокаутпен жеңіс пайызы ең жоғары орта салмақтағы әлем чемпионы ретінде енген. Ол кезде боксшының 37 жеңісінің 34-і нокаутпен, яғни нокаут үлесі 91,6% болған. Бүгінгі күні отандасымыздың кәсіби мансабында 41 жеңістің 36-сы нокаутпен.

• 2009 жылы Зульфия Чиншанло ауыр атлетика тарихындағы ең жас әлем чемпионы ретінде Гиннесс рекордтар кітабына жазылды. Ол кезде атлетіміз небәрі 16 жаста еді. 2010 жылы ауыр атлетикадан тағы бір спортшымыз Майя Манеза Түркияда өткен әлем чемпионатында 143 келі салмақтағы штанганы көтеріп, рекордтар кітабына енді. Алайда, 2014 жылы бұл көрсеткішті Қытай спортшысы Лин Цзыци жаңарта алды.

• Шахтинск қаласының тұрғыны Руслан Фатахов қосымша салмақпен белтемірге тартылудан 5 түрлі жаңа рекорд орнатып, 2019 жылы Гиннесс рекордтар кітабына аты жазылды. Отандасымыз орнатқан рекордтар: қосымша 45 кг байлап 20 рет тартылу; қосымша 27 кг байлап 31 рет тартылу; қосымша 18 кг байлап 39 рет тартылу; қосымша 27 кг байлап кері ұстау арқылы 29 рет тартылу; қосымша 18 кг байлап кері ұстау арқылы 35 рет тартылу.

• 2011 жылы Қазақ географиялық қоғамының бір тобы Оңтүстік полюске экспедицияға шығып, 2308 шақырымды көлікпен жүріп өтті. Жол 108 сағатқа созылды. Бұл жетістік Гиннесс рекордтар кітабына Оңтүстік полюске құрлықпен ең жылдам жеткен экспедиция ретінде кірді. Экспедиция мүшесі, географ Орденбек Мазбаевтың айтуынша, олар рекорд орнатуға тырыспаған. Өйткені, қазақстандық топ полюске ғылыми зерттеу мақсатында барып, кейін ғана рекордтарды белгілейтін комиссияның қарауына өтінім беру туралы шешім қабылдаған. Рекорд бір жылдан кейін танылды.

ФУТБОЛ

ҚҰРАМА САПЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



Футболдан Молдоваға қарсы ойнайтын ұлттық құраманың толық тізімі жарияланды.

Жақында ғана бас бапкері болып сайланған Андрей Карпович Қазақстан құрамасының тізімін құрып, ел намысын қорғайтын футболшыларды таңдады:

Қақпашылар: Мұхаммеджан Сейсен («Тараз»), Стас Покатилов («Ақтөбе»), Игорь Шацкий («Шахтер»);

Қорғаушылар: Ян Вороговский («Молденбек», Бельгия), Ғафуржан Сүйімбаев («Ақсу»), Тимур Досмағамбетов («Шахтер»), Темірлан Ерланов, Юрий Логвиненко (екеуі де – «Ақтөбе»), Нұралы Өліп («Зенит», Ресей), Абзал Бейсебеков («Астана»), Самат Жарынбетов, Бағдат Каиров, Александр Марочкин, Сергей Малый (барлығы – Тобыл), Нұрлан Даиров (Тараз), Марат Быстров (Ахмат, Ресей);

Жартылай қорғаушылар: Асхат Тағыберген, Владислав Васильев (екеуі де – «Тобыл»), Рамазан Оразов, Арман Кеңесов (екеуі де – «Ақтөбе»), Исламбек Куат («Астана»), Думан Нарзілдаев («Каспий»), Айбол Әбікен («Ақсу»), Абылайхан Назымхан

нов («Шахтер»), Бауыр Байтана (Тараз), Георгий Жуков (Вистула, Польша), Бахтиёр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Аслан Әділ (Каспий);

Шабуылдаушылар: Артур Шушеначев («Қайрат»), Абат Айымбетов («Астана»), Алексей Щеткин («Ротор», Ресей), Роман Мұртазаев («Шахтер»), Айбар Жақсылықов («Тобыл»).

Жаттықтырушылар құрамы: Андрей Карпович – бас бапкер, Максим Жалмағамбетов – бас бапкердің көмекшісі, Сергей Лабодовский – бас бапкердің көмекшісі, Борис Глушков – дене шынықтыру жаттықтырушысы, Александр Петухов – қақпашылар жаттықтырушысы, Магомед Нозадзе – аналитикалық жаттықтырушы.

Естеріңізге сала кетейік, УЕФА Ұлттар лигасының аясында Молдоваға қарсы алғашқы ойын 24 наурызда Кишиневте өтеді. Қарымта ойын 29 наурыз күні Нұрсұлтан қаласындағы «Астана Арена» стадионында болады.

АҢЫЗ-АДАМ



ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

Әлем – ғажайыптардан тұрады. Бұл пайымның ішіне бәрі кіреді. Бүгінде күллі адамзатты өзіне тәнті етіп жүрген айрықша жалын бар. Ол – Криштиану Роналду. Нағыз өзін қалыптастырған адам. Тіпті, алғаш футболға киіп баратын жөнді аяқкиімі де болмаған. Бірақ тғла бойындағы тылсым күш оны биікке жетеледі. Ешқашан мұқалмады, қайтпады, құласа да орнынан қайта көтерілді.

Балалық кезең

Атақты футболшы 1985 жылы 5 ақпанда Португалияның Мадейра аралындағы Санту-Антониу жұмысшы кварталдарында дүниеге келген. Ата-анасы оны кішкентайынан еркелетіп Ронни деп атаған. Роннидің отбасы төбесі қаңылтырмен жабылған шағын ғана лашықта тұрды. Үйдің тарлығы соншалықты, олар кір жуатын машинасын пайдаланбайтын уақытта артық орын алмас үшін шатырға шығарып қоятын. Ол «балалық

шағын күрделі жағдайда өтті. Бірақ мен өзіме бір нәрсенің жетпегенін сезінген емеспін. Менің ата-анам өте көп жұмыс істеді. Бізге ешнәрседен таршылық көрсетпес үшін олар қолдарынан келгенін барлығын жасады», – деді. Жеңістің шыңына шыққандардың балалық кезеңі оңай болмағанға ұқсайды. Бір нәрсе анық. Тағдыр бір жағынан қысса да, екінші жағын жарқын қылатыны айқын.

Мансап шыңы

Ол небәрі 16 жасында «Спортингтің» негізгі құрамында, «Атлетико Лиссабонға» қарсы жолдастық кездесуінде кезге түседі. Сөйтіп, 2002 жылы тамыз тұңғыш жұлдесі «Спортинг» Португалия суперкубогын ұтып алды.

Жас талантты футболшыны алғашқылардың бірі боп «Ливерпульдің» бас бапкері Жерар Улье байқады. Бірақ оны тым жас-сыңғандықтан, келісім-шарт жасасуға асыққан жоқ. 2003 жылы жазда Лиссабондағы «Жозе Алваладе» стадионының ашылу салтанаты болып, «Спортинг» пен «Манчестер Юнайтед» кездесті. Осы матчта манкуниандықтардың бапкері Алекс Фергюсон Роналдудың тегін футболшы еместігін аңғарып, бірден командаға тартады.

Роналду осылайша «Манчестер Юнайтедте» ойнаған тұңғыш португалдық футболшы боп тарихқа енеді. Осылайша шарықтай береді. 2007 жылы 5 мамырда «Манчестер Сити» қақпасына манчестерлік клуб сапындағы 50-ші голын енгізді. Дәл осы жылы «Алтын допты» анықтауда бразилиялық Какадан артта қалды. Есесіне, 2007-2008 жылғы маусым табысты аяқталып, «Манчестер Юнайтед» УЕФА чемпиондар Лигасын ұтып алды. Мәскеуде «Челсимен» финалдық ойында Роналду бір гол соқты, матчтың соңғы пенальтилер сериясында қателескеніне қарамастан, клуб турнир жеңімпазы атанды. Ал Англия чемпионатында 31 гол соғып, үздік мерген атанды. 2008 жыл қорытындысында «Алтын бутсы» иегері болумен қатар, ФИФА Алтын добына қол жеткізді. 2009 жылы 11 маусымда 93,4 млн. еуроға «Реал Мадридке» ауысып, 2001 жылғы Зиданды алған кездегі трансферлер рекордын жаңартты (Зиданның құны 76 млн. еуро болған-ды). Роналду 9-нөмірлі жейдені киді, 2010 жылы клубтан Рауль Гонсалес



кеткен соң 7-нөмірді иеленді. Алғашқы маусымда-ақ 35 ойында 33 гол соқты. 2011 жылы 6 ақпанда «Реал Сосьедад» қақпасына гол соғып, Испания чемпионатындағы голдар санын 50-ге жеткізді. Ал 100-ші голын 2012 жылы 5 мамырда «Гранада» қақпасына енгізді. Осы маусымда Испания чемпионатында 46 гол соқты, осынша керемет нәтиженің өзі үздік мерген атануына аздық қылды, бірінші орынға «Барселона» футболшысы Лионель Месси иелік қылды. Ал 2012-2013 жылғы маусымда 12 голмен УЕФА Чемпиондар Лигасының үздік мергені атанды. 2015 жылы 30 қыркүйекте Испания чемпионатындағы 324-ші голды соғып, бұған дейінгі Рауль Гонсалестің рекордын жаңартып, клуб тарихындағы мергендер көшінде бірінші орынға шықты.

Жалпы алғанда, «Реал» сапында 438 ойын өткізіп, 450 гол соқты.

2018 жылы 10 шілдеде «Ювентуспен» келісім-шарт жасасты. «Реал Мадрид» баспасөз орталығының хабарлауынша, тулиндік клубқа ауысуы Роналдудың өзі қалаған. Бұл жолғы трансфер 112 млн. еуромен іске асты. Италиялық клуб сапындағы тұңғыш ойынын 18 тамыз күні сырт алаңда «Кьевоға» қарсы өткізді. 2018-2019 жылғы маусымда Италия чемпионатында 21 голдың авторы атанды. 2021 жылы 28 тамызда «Манчестер Юнайтедке» қайта оралды. Трансфер құны 20 миллионды құрады.

ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТТЕР

Дүниежүзілік футбол тарихында Пеле мен Марадона есімдері аңызға айналған. Ал ХХІ ғасырда ала доп фанаттарын сүйіп қарайтын футболшы – Криштиану Роналду. Бүгінгі таңдағы жарық жұлдыз туралы 5 қызықты деректі назарларыңызға ұсынамыз!

Футболшының атын әкесі АҚШ-тың 40-шы Президенті Роналд Рейганның құрметіне қойған. Оның толық аты-жөні – Криштиану Роналду душ Сантуш Авейру.

1995 жылы небәрі 8 жасында Португалиядағы «Насьонал» клубымен келісім-шартқа отырған.

Ол – тарихтағы Англия (Премьер-лига), Испанияны (Примера, Серия А) жеңген жалғыз футболшы.

Оның денесінде бірде-бір «татуировка», басқа да сурет жоқ. Себебі, ол – белсенді қан тапсырушы донор. Сондай-ақ, темекі, ішімдік сияқты зиянды заттарға әуестенбеген.

Бірер жылдар бұрын Лиссабон университетінің астроном ғалымдары жаңа галактика тауып, оны CR7 деп атаған. Мұның мағынасы: CR – Криштиану Роналдудың сөздерінің бас әріптері, ал 7 – жетінші нөмірлі ойыншы дегенді білдіреді. Бұл – футболшылар арасында алғаш берілген айрықша атақ.

P.S.

Армандай біліңіз. Өйткені, армандар жетістікке апарады. Бірақ бір нәрсені ескеріңіз. Әйгілі журналист Қуандық Оразбекұлы «Арман жүзеге асырылған болуы керек» деп еді. Қаракөздерімізге айтарымыз – нақты істерге бейімделіңіз. Арманың қанатыңыз талмасын!

Бетті дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 562,87 теңге

\$ USD/KZT 509,80 теңге

₽ RUB/KZT 4,29 теңге

¥ CNY/KZT 80,64 теңге